

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Шығыс Қазақстан облыстық әкімшілігі Білім басқармасының
«Көлік колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын



Өндірістік оқыту шебері
Сулейменов Арман Белгибековичтің
жұмыс тәжірибесін жалпылау



Дайындаған: Кадирханова А.М.
Жалпы техникалық пәндер оқытушысы
Семей - 2021

А.Б. Сулейменов колледжде 1987-1988 оқу жылынан бастап өндірістік оқыту шебері болып жұмыс істейді, еңбек өтілі-34 жыл. Қазіргі уақытта, А.Б. Сулейменов колледж шеберханасының меңгерушісі қызметін атқарады. Жұмыс ағымында пән бойынша өз жұмысын білетін сауатты маман ретінде көрсетті.

Арман Белгібекович Семей көлік колледжінің 1987 жылғы түлегі, Мамандығы: «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету, және жөндеу». Мемлекеттік және орысша тілде өткізетін өндірістік тәжірибелері: токарлық іс метелл өңдеу және автокөлік құрылысы. 2008 жылы Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Тасымалдауды, жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану» мамандығы бойынша көлік- бакалавр академиялық дәрежесі берілді. Токарлық іс және маталлөңдеу пәні бойынша және дәнекерлеу ісі бойынша 3 санаттағы маман кәсілі бар.

А.Б. Сулейменов өзінің педагогикалық жұмысында жаңа заманауи технологияларды, атап айтқанда арнайы пәндерді оқытуда ақпараттық-коммуникативті технологиялар әдісін қолданады. Әріптестер тарапынан «Станокты іс тәжірибе» пәні бойынша өткізілген ашық сабақтары жоғары деңгейде бағаланды.

Өндірістік оқыту шебері үнемі өзінің кәсіби деңгейін көтеру үшін жұмыс істейді, нормативтік құжаттаманы зерттейді. Арман Белгібеквич 2017 жылы <http://kollegi.kz> қазақстандық интернет-журналы сайтында «Студенттерге тәжірибелік оқытуда кәсіби құзыреттілігінің дағдыландыру» тақырыбы бойынша өзінің авторлық материалын жариялады. 2020 жылы Infoqok.ru сайттында «Станоктық практика» тақырыбында жұмыс дәптерін жариялады.

А.Б. Сулейменов 2019 жылы 72 сағат көлемінде «Өндірістік оқыту шеберінің педагогикалық құзыреттілігі: дамыту және жетілдіру» тақырыбында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлерін және басшыларын халықаралық талаптарға сәйкес біліктілігін арттыру курсына қатысты. Сонымен қатар, 2020 жылы Нур-Сұлтан қаласында 72 сағат көлеміндегі «STANKO GROUP» жетекшілігімен өткізілген біліктілікті арттыру курсына өтті. Арман Белгібекович 2020 жылы 36 сағат көлемінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту: контент құрудан бастап оқу процесін ұйымдастыруға дейін» курсына аяқтады. Биыл «Қашықтықтан оқытуды үйренемін» курсына бітіріп, сертификат алды. 2020 жылы 36 сағат көлемінде «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында білім алып, сертификат алды.

2017-2018 оқу жылында Сулейменов Арман Белгібекович көп жылғы педагогикалық қызметі үшін, Ұстаздар күніне орай қала әкімінің Грамотасымен

2017-2018 оқу жылында Семей қаласының жоғарғы оқу орындары және колледждерінің мұғалімдері мен қызметкерлері арасындағы І ашық қалалық спартакиаданың шахмат жарысында ІІІ орын алғаны үшін Мақтау қағазымен марапатталды.

2018-2019 оқу жылында «Шығыс Қазақстан облысының білім саласына қосқан зор үлесі үшін» Құрмет Грамотасымен марапатталды.

2019-2020 оқу жылында «Көлік колледжінің 90 жылдығына» орай Арман Белгібекович Төс белгімен марапатталды.

2020-2021 оқу жылында «Көлік колледжі» Ұстаздар күніне байланысты Құрмет Грамотасымен марапатталды.

А.Б. Сулейменов халықаралық өндірістік оқыту шеберлері арасындағы конкурсының катысушысы. Сабағын өткізу барысында жаңа материалдармен жабдықтап, оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы түрлендіріп, жоғарғы кәсіби деңгейде өткізеді. Стандартқа сай жұмыс бағдарламасын, күнтізбелік тақырыптық жоспарлар дайындайды. Өз пәнін кешенді әдістемелік тұрғыдан толық қамтамасыз ете біледі. Студенттердің тәжірибеге деген қызығушылығын оқу үрдісінде аймақтық компоненттерді кеңінен қолдана отырып, тәжірибені түрлі типте өткізуге аса назар аударады.

Арман Белгібекұлы үнемі өз біліктілігін жоғарылату жолында жұмыстар атқарады. Өзінің шеберлік деңгейін жыл сайын жоғары деңгейде шыңдап келеді және де колледж мұғалімдерінің сабақтарына қатысады. Студенттермен жақсы тіл табыса алады және әрқашан көмек көрсете біледі. Колледждегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, бастаған ісін ұқыпты және тиянақты жасайды. А.Б. Сулейменов колледж ішіндегі студенттер мен әріптестеріне лайықты деңгейдегі үлгі болып саналады.